

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК


ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№6 (105)

2007



Қ. С. Қалыбаева

«КӨЗ» СӨЗІНІҢ ҚАТЫСЫМЕН ЖАСАЛҒАН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

В статье рассматриваются соматические фразеологизмы близкородственных языков, образовавшиеся со словом «көз» - «глаза». Раскрываются некоторые сходства и семантические, структурные различия

Бұл атау түркі тілдерінде өте көне замандардан қолданылатыны байқалады. Түркі тілдерінде көз сөзімен бірге тува тілінде карак, хакас және якут тілдерінде харах сөзі де қолданылады. Ал монғол тілінде «харах» формасымен бірге «нуд» формасы қолданылады. Бірақ қазақ тіліндегі жанар «зрение, зеница» мағынасы басқа түркі тілдерінде кездеспейді. Ал қарашық формасы басқа түркі тілдерінде «зеница, кока» мағынасында қолданылатыны байқалады. А.Қайдаровтың айтуынша «қарашық» сөзінің түбірі хакас, якут, тува тілдеріндегі қарак сөзі.» Выпадение конечного глухого смычного к, қ явление для казахского языка не редкое, а конечные компоненты шық/шік уменшительные аффиксы.»(1.1990.120). Көз сөзі түркі тілдерінде мынадай формаларда кездеседі. Өзбек тілінде көз (г,өз), алтай тілінде кос, (көс)

Қарак (қарак), қарақалпақ тілінде (козь), кумык (гоьз), ноғай тілінде (коьз), татар, башқұрт тілінде (куз), түркмен тілінде гөз өзбек тілінде (куз) ұйғыр тілінде. Көз, чуваш тілінде (кус) т.б. Тува, якут, монғол тілдеріндегі көз мағынасындағы қарак сөзінің қолданысы, біздің қазақ тіліндегі көздің қарасы, қарау, қара (етістік) сөздерінің қалыптасуына негіз болған секілді.

Жалпы түркі тілдерінде қарак сөзіне қарағанда көз сөзінің қолданысы басымдығы байқалады. Мұны бұл тілдердегі осы сөздің қатысмен жасалған фразеологизмдерден аңғаруға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі көзінің қарашығындай сақтау (қадірлеу), көзінің ағы мен қарасы (ең қымбат, қадірлі зат), татар тілінде күз қарасы кебек сақтау, «қырғыз қырғыз тілінде көздүн қарагиндай сақтау секілді фразеологизмдерде қарак сөзі кездеседі. Алайда мұнда олар таза көз мағынасынан ауытқып, тек оның ортсындағы қарашығы деген мағынаға ойысқан.

Бұл тілдердегі көз сөзінің қатысмен жасалған бірқатар фразеологизмдерде мағыналық та, құрылымдық та ортақтық сақталып қалған. Мысалы қазақ тіліндегі көз салу тіркесі башқұрт тілінде күз халыу, ноғайда-коьз салу түрінде кездессе, татар тілінде күз салу қырғыз тілінде көз салу түрінде қолданылады. Сол секілді қазақ тіліндегі көздің жауын алу тіркесі татар, башқұрт тілдерінде күз яуын алып тору, түрінде, ноғай тілінде коьз яын алу түрінде ортақ қолданылады. Қазақ тіліндегі «қараңғы» деген мағынада айтылатын көзге түртсең көргісіз деген фразеологизм башқұрт тілінде күзгө төртхөң күренмәслек, татар тілінде күзгө төртсәң күрәнми түрінде қолданылады. Қазақ тіліндегі аш көз, көз бояу, көз байлау секілді фразеологизмдер де аталған тілдерде мағыналық, құрылымдық ортақтығын сақтаған. Мысалы, аш күз, татар тілінде күз буяу, күз бөйләу, башқұрт тілінде ас күз, күз бұяу, күз бөйлөнү, т.б.

Ал енді бірқатар фразеологизмдер мағыналық ортақтығын сақтай отырып, құрамдық жағынан ауысып, өзгеріп қолданылады. Мысалы қазақ тіліндегі көзден өткізу тіркесі «тексеру» мағынасында қолданылса, татар тілінде күздән кичерү (Қасыйм мөкөлөнең башыңына күздән кичерде дә, ачуланып телефонға ташланды.) башқұрт тілінде күздән кисереу түрінде қолданылады. Яғни, фразеологизмдердің құрамындағы өткізу сөзі кешіру сөзімен ауысып қолданылады. Ал қазақ тіліндегі көзге тура айту мағынасындағы тіркес ноғай тілінде коьзине туртип айтув, коьзине салып айтув түрінде қолданылса, қазақ тілінде осы құрамға жақын келетін көз түрткі болу (сүйкімсіз болу), көзге салық ету (бетке басу, табалау) тіркестері мүлдем басқа мағынада қолданылады. Сыртынан айту, өсектеу мағынасында қазақ тілінде көзі жоқта айту деп қолданылса, татар тілінде көз артында айту деп қолданылады. Қазақ тіліндегі көзге шөп салу тіркесі башқұрт тілінде күзгө һүп халыу түрінде әдеби тілде қолданылса, осы тілдің шығыс диалектісінде күскө кара халыу түрінде қолданылады. Қазақ тіліндегі көзге түсу, көзге ұрып түру, көзге шалыну секілді фразеологизмдер татар тілінде күзгө чалыну, күзгө чагылу (күзгө ике кеше чагылды) түрінде қолданылатыны байқалады. Татар және башқұрт тілдерінде қазақ тілінен ерекше көз сөзі бас сөзімен тіркесіп келіп бірнеше фразеологизмдер жасаған. Қазақ тіліндегі баскөз болу фразеологизмі татар тілінде керісінше күз – колак булу, башқұрт тілінде күз- колак булу түрінде қолданылады. Башқұрт тілінде көз-бас сөзінің тіркесуімен күзе – баше уйнап тороу (қазақ тілінде көзі ойнап түру), күзгө-башка күренеу (қазақ тілінде көзге көріну) түрінде құрамдық өзгеріспен қолданылады. Сол секілді бұл тілде күзгө-башка матур тіркесі «өдемі-сұлу» деген мағынада қолданылады. Осы үлгіде қазақ тіліндегі көз ілмеу» ұйықтамау» мағынасындағы тіркес керфекле күз йоммау (татар тілінде) айтылады. Татар тілінде күзле – башле булу тіркесі «үйлену» деген мағынада жұмсалады. Башқұрт және татар тілдерінде қазақ, қарақалпақ тілдерінде кездеспейтін «беделі түсу» деген мағынада күздән төшү (татар), күззән төшөу тіркестері қолданылады. Татар тілінде қазақ тілінде қолданылмайтын ни күзем беләм күрим (Қазақ тілінде не бетіммен көремін) күзлөрне майландыру» көз қызықтыру», тавык күзе булу» көзі дұрыс көрмеу», күзгө төтен жибәру, башқұрт тілінің шығыс диалектісінде күзгө ком себү (орыс тіліндегі в глаза пыль пускать деген фразеологизм негізінде қалыптасса керек) күз тышта қалу (сырттан келгенде көз көрмей қалу) тіркестері қолданылады. Қазақ тіліндегі көз жасын көлдей ету, көз жасы көл болу тіркестері ноғай тілінде ешбір өзгеріссіз коьз ясын коьлдей тыгув түрінде айтылса, татар тілінде күз

суын түгү, күз яше түгү түрінде қолданылады. Тіліміздегі көзді шел басу, көзді ақ басу яғни «менсінбеу» мағынасындағы тіркес башқұрт тілінде күзге қылау басу түрінде қолданылады. Қазақ тіліндегі кейбір жай тіркестер татар, башқұрт тілдерінде тұрақты тіркес түрінде кездеседі. Мысалы татар тілінде күз күгәру» көзі көгеру яғни ұзақ күту мағынасында жұмсалыады, ал күзен аһырмау (башқұрт тілінде), күзне ачырмау (татар тілі) тіркестері бұл тілдерде «қатты ұялту» мағынасында тұрақты тіркес түрінде қолданылады. Мұндай құбылыс қырғыз тілінде де байқалады. Бұл тілдегі «менменсу, көкірек көтеру» мағынасындағы көзі қызарып кету,» ешкіммен есептеспей іс жасау» мағынасындағы көзүне қарабай(ақчанын көзүне қарабай») тіркестері қолданылады. Татар тілінде қазақ тіліндегі көз ашпау яғни «күтыла алмау мағынасындағы» фразеологизм көзі шығу түрінде яғни «кеше белән көз чығу» (Қонақтан көз ашпау) түрінде, (қырғызда осы мағынаға) көзі қатқан» тіркесі жақындайды), кеше күзендөге чүпні күрү (біреудің кінәсін көргіш). Татар тілінде қарғыс мағынасында «күзе чәчрәп чыксын!» тіркесі қолданылады. Бұл тілде «көп күту» деген мағынада күз күгәру, күзләр күмәргә әйләнү тіркестері қолданылады. Башқұрт тілінде «күз иомок калу» тіркесі қазақ тіліндегі іске салғырт қарау деген мағынадағы «көз жұмып қарау» деген тіркеске сай келсе, қырғыз тілінде осы тіркес көз жұмду қылу түрінде қолданылады. Татар және башқұрт тілдерінде қатты ашулану деген мағынада күзгә ак-кара күренмәү, балағаттау мағынасында күзле бүкән, ике күзлі түмөр тіркестері ортақ қолданылады. Татар тілінде күз төшү тіркесімен бірге күзгә бәрәләп тору тіркесі қатар қолданылатыны байқалады. Севортянның сөздігінде Г.Рамстедтің қалмақ тілінде *bag, bagua* «қолда ұстау, қолмен ұс-

тау» деген мағына бідіретінін айтқанын көрсетеді (2.1974.67.) Демек, аталған тіркестің мағынасы көзге ұсталып тұру деген мағынаға жақындайды. Бұл тұрғыда қазақ, қарақалпақ тілдерінде көзде ұстау «бақылау, назардан тыс қалдырмау» деген мағынадағы фразеологизм кездесетінін айта кетуіміз керек. Қарақалпақ және қазақ тілдерінде аздаған дыбыстық өзгеріспен қолданылатын көзге шыққан сүйелдей (ққалп. шүйелдей) болу тіркесі мағыналық жағынан ерекшеленетін сияқты. Мысалы қазақ тілінде бұл тіркес «жек көру, көргісі келмеу» мағынасын берсе қарақалпақта бұған қосымша «күтыла алмау» мағынасын беретінін байқадық. Ал қазақ тіліндегі «әдей, қасақана көрсету» мағынасындағы көрер көзге деп келетін тіркес қарақалпақта керісінше көз көрекі түрінде дәл осы мағынада жұмсалатыны таңқалдырады. Сол секілді қазақ тіліндегі бір нәрсені көре-көре көзі үйрену» мағынасындағы көзі қану, көз қанды тіркесі бұл тілде ешбір құрамдық өзгеріссіз келі мүлде басқа мағынада «сүйкімді, әдемі» деген ұғымда қолданылады. Қырғыз тіліндегі көз сөзімен жасалған бірқатар фразеологизмдер қазақ тілімен ортақтығын сақтаса, бірқатары қазақ тілінде мүлдем кездеспейді. Мысалы, көрөйүн деген көзүм жоқ» жеккөру, ұнатпау», көзү ачық өту «өмірден ешбір қызық көрмей өту», көздүн күрту өлу «құмары тарқау», көз жару «пайда болу» т.б. Жалпы қорыта айтқанда түркі тілдеріндегі көз сөзімен жасалған фразеологизмдерде негізінен мағыналық ортақтық саталып келгенімен құрылымдық, кейде семантикалық айырмашылықтар байқалатыны көзге түседі. Мұның өзі өз алдына терең зерттеуді қажет етеді деп ойлаймыз.

1. Проблемы этимологии казахского языка. А.1990.

2. Э.В.Севортян. Этимологический словарь тюркских языков. Л.1974.

Б. Ақбердиева

ТІЛ БІРЛІКТЕРІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ АССОЦИАЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

В данной статье рассматривается вопрос об ассоциативных связях и эволюционном единстве языков

Адам баласының шындық болмысты танып білуі ойлау арқылы жүзеге асады, ал ойдың бейнелеу қызметінің нәтижелері тек қана тілдің көмегімен бекіп отырады. Тілдегі ғалам бейнесі концептуалды және тілдік формалар арқылы берілетін таныммен тікелей байланысты әлем туралы білімдер жиынтығы болып саналады. Осы біртұтастықтың негізін тереңде жатқан танымдық құралымдар, когнитивтік-ассоциациялық модельдер түзеді. Жалпы адамға тән бұл әмбебап танымдық үлгілер тілдің күрделі когнитивтік қызметінің жемісі.

Себебі бұл когнитивтік модельдер таным мен тіл арақатысын анықтайтын ұғымдардың құрылымдық белгілерін құрайды. Олардың өзі ғаламды біртұтастықта қабылдаудың жалпыадамзатқа ортақ ғылыми-танымдық, әмбебап концепцияларынан, ұстанымдарынан бастау алады.

Бүгінгі таңдағы ғылым алдында тұрған үлкен мәселелердің бірі – адам туралы біртұтас тұжырымдамалық бағыттарды белгілеу. Адам – күрделі, танымдық жүйе. Оның құрылымы арнаулы рухани-психикалық, психо-